



«Бекітемін»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым вице-министрі
Е.И.Иманғалиев
« 1 » _____ 2016 ж.

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «Биология» пәні бойынша жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

4. Тест мазмұны:

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Өсімдіктердің вегативті (өсу) мүшелері Өсімдіктердің көбеюі (генеративті) мүшелері.	1	Жасуша. Өсімдік ұлпалары. Тамыр жүйесінің типтері. Тамырдың түр өзгерістері. Жапырақтың сыртқы және ішкі құрылысы. Жапырақтың тыныс алуы. Фотосинтез. Жапырақтың түр өзгерісі. Өркен, бүршік, сабақ. Гүлдің құрылысы. Гүлшоғырлар. Жеміс. Тұқым	А	1/5	Б1-1
2	Вирустар. Бактериялар. Саңырауқұлақтар.	1	Вирустар. Бактериялар. Саңырауқұлақтар	А	б/б	Б2-1
3	Өсімдіктер дүниесі.	1	Төменгі сатыдағы өсімдіктер. Жоғары сатыдағы өсімдіктер.	В	1/5	Б1-2
4	Гүлді өсімдіктер.	1	Қосжарнақтылар класы. Даражарнақтылар класы.	В	1/5	Б1-3
5	Жануарлар дүниесі.	1	Қарапайымдылар. Көпжасушалылар.	В	б/б	Б2-2

6	Желілі жануарлар (Омыртқалылар).	1	Балықтар класы. Қосмекенділер класы. Жорғалаушылар класы. Құстар класы. Сүтқоректілер класы.	А	6/6	Б2-3
7	Адамның жүйке жүйесі. Сезім мүшелері.	1	Жүйке жүйесінің бөлімдері. Анализаторлар.	В	1/5	Б1-4
8	Адамның тірек-қимыл аппараты.	1	Тірек-қимыл жүйесінің маңызы. Қаңқа.	В	1/5	Б1-5
9	Адамның қан тамырлар жүйесі.	1	Қанның құрамы. Иммунитет. Жүрек. Қан тамырлар мен қан айналым шеңберлері.	С	1/5	Б1-6
10	Адамның тыныс алу жүйесі	1	Тыныс алу мүшелерінің құрылысы, қызметі.	В	6/6	Б2-4
11	Адамның ас қорыту жүйесі. Зәр шығару жүйесі	1	Асқорыту мүшелерінің құрылысы Зәр шығару құрылысы мен қызметі. Тері.	В	1/5	Б1-7
12	Адамның көбеюі мен жеке дамуы	1	Көбеюдің маңызы. Жыныс мүшелерінің құрылысы	В	1/5	Б1-8
13	Цитология негіздері. Генетика негіздері	1	Жасушаның органоидтары. Жасушаның бөлінуі. Мендельдің заңдары. Өзгергіштік заңдылықтары.	С	1/5	Б1-9
14	Эволюциялық ілімнің негіздері	1	Микроэволюция туралы ілім. Макроэволюция.	С	1/5	Б1-10
15	Экология негіздері	1	Продуценттердің, консументтердің және редуценттердің рөлі. Экологиялық факторлар және түрлері.	В	6/6	Б2-5
16	Жағдаяттық тапсырмалар. Әртүрлі түрдегі (тест, таблиця, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға)			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Биология ғылымы дамуының негізгі кезеңдері; тіршіліктің негізгі қасиеттері; Біржасушалы және көпжасушалы ағзалар, олардың құрылысы мен тіршілік әрекеттерінің ерекшеліктері; тірі ағзаларды жіктеу принциптері, негізгі жүйелік топтар және олардың өзара байланысы; Адам ағзаның құрылысы мен қызметі; жасуша теориясының негізгі қағидалары. Генетика пәні және оның міндеттері; эволюциялық теорияның негізгі қағидалары; экология пәні және оның негізгі міндеттері.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут. Тестінің толық орындалу уақыты – 40 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады. Бір тестіде 20 сұрақ.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,
- екі және одан көп қате жауап үшін - 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев